

## **Педагогикалық кеңес**

### **Хаттама №1**

**27.08.2021 ж**

**Катысқандар саны: 12**

**Тақырыбы: «Балаларды жаңартылған бағдарламамен оқытып, тәрбиелеу – тәрбиеші-педагаогтардың басты міндеті»**

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу – қызметінің кестесін бекіту туралы .Менгеруші А.Жаштаева.Әдіскер М.Тұнғатова
2. «Сыни ойлау техногиясы»баяндама туралы. Тәрбиеші М.Еспенбетова
3. Тәрбиешілердің шыгармашылық жұмыс тақырыптарын бекіту туралы . Әдіскер М.Тұнғатова
4. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бердібаева.
- 5.Ішкі еңбек тәртібі туралы.Менгеруші А.Жаштаева .
6. Бақылау және басқару .Жедел бақылау. Менгеруші А.Жаштаева.
7. Ата-аналардың келісім шарттары туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
- 1.Тындалды. Балабакша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2021-2022 жаңа оқу жылымен әріптестерді құттықтады. Алдағы оқу жылында жан-жақты ізденіп, улken жетістіктерге жетеді деген сенімдемін деді.

Балабақша әдіскері Тұнғатова Махпал сөз алды :- ҚР МДҮ-Да 2021-2022 оқу жылында оқыту мең тәрбиелеу туралы әдістемелік нұсқаулық бойынша Мемлекеттік стандарт бойынша ешқандай өзгеріс бар. Бұрын базистік оқу жоспары деп берілсе,енді үлгілік оқу жоспары болып келді. 4 топ тәрбиешілері перспективалық жоспармен апталық циклограммалардың жоспарларын алдын ала, бір жылғы оқу жылына түзіп қоясыздар. Биылғы оқу

жылында 58 өтпелі тақырыптар берілген . Эр айға балабақаш ыбайынша бір өтпелі тақырып қоясыздар. Қазір мен сіздерғи мына төмендегі тақырып тізімдерін ұсынамы. Сіздер келіссеңіздер осы тақырыптарды менгерушіге бекіттіріп аламыз .

1. «Балабақшада»
2. « Менің отбасым»
3. «Дені саудың жаны сау»
4. «Менің Қазақстаным»
- 5 «Табигат әлемі»
6. «Бізді қоршаған әлем»
7. «Салттар мен фольклор»
8. «Біз еңбекқор баламыз»
9. «Жайдары жаз келді»

Білім беру процесінің негізгі міндеттері:

1. Мектепке дейінгі үйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау.
2. Коммуникативтілік ,креативтілік ,сыни ойлау,ынтымақтастық және командада жұмыс істейф білуді менгерту.
4. Балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

Сондай ақ,әдіскер МДҰ –ның үлгілік жоспарындағы әрбір топ бойынша үйымдастырылған оқу қызметтерінің көлемі мен ұзактығына және вариативтік компоненттердің қай топтарда өтілетіндігі мен алталауқ сағат саны туралы қысқаша айтып өтті.

2. Тындалды. Балабақша тәрбиешісі Еспенбетова Мөлдір «Сыни ойлау технологиясы» атты баяндама оқыды.

-«Сыни ойлау технологиясын » қолдану-балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруден емес,өз сұрақтарында жауап алуға мүмкіндік береді.

Педагогтардың «сыни ойлау » технологиясының тиімділік әдістері мен тәсілдерін қалыптастыры.

**Сыни ойлау дағдылары:**

- Затты, қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша табу.
- Екі немесе одан артық нышандардың жалпы және түрлі белгілерін табу.
- Ауызша сипаттау бойынша нысанамен жасауға мүмкін болатын әрекет табу.
- Бір затқа қолданылатын әрекеттерді басқасына ауыстыру.
- Шығармашылық әнгіме, ертегі, жұмбақ құрастыру. Сыни ойла технологиясын қолдану- балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік туды.

**3. Тындалды.** Балабақша әдіскері М.Тұңғатова сөз алды .Ол сөзінде -- жылдағы дәстүр бойынша тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітуіміз керек деді.

- 1."Денсаулық технологиясы"—А.Адилова.
- 2."Монтессори технологиясы"—А. Баубекова.
- 3."Ертегі терапиясы"— Г. Молдабек.
- 4."Балабақша және театр"—Ф.Набатова
- 5."Бұлдіршіндерді салауатты өмір салтына баулу"— М.Еспенбетова
- 6."ТРИЗ технологиясы"—Н.Әлзатова..
- 7."Ойын технологиясы"—С. Құрбанова
- 8."Денсаулық технологиясы"—А.Баубекова

**4. Тындалды.** Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын сөз сөйледі. Ол тәрбиешілер мен педагогтарға арналған "Менің көніл куйім"атты психологиялық тренинг ұйымдастырды.

**5. Тындалды.** Балабақша менгерушісі А.Жаштаева сөз сөйледі.Ол өз сөзінде: Құрметті әріптестер, әрбір мекеменің өзінің ішкі тәртіп ережелері мен лауазымдық міндеттерінің бекітілген ережелері болады. Ишкі тәртіпті бұзған қызметкерге тәртіптік шаралар қолданылады. Бұл туралы Еңбек Кодексінің 63,64,65,66-баптарында жазылған. Біздің балабақшаның ішкі тәртіп ережелері қандай? Таңертең сағ.8де кешікпей келу. 18-19да жұмыстан кайту. Түстен сағ.13-14 де 1сағ. түскі үзіліс, яғни демалыс беріледі.

Басшының рұқсатынсыз балабақшаны ,балаларды тастап шығып кетуге қатаңтыйым салынады. Соңдай-ақ, сабак жоспарын уактылы жазып және уактылы сабак өту. Бекітілген күн тәртібі бойынша серуен, гигиеналық шаралар, тамақ ішу, спорттық ойындар және басқа да балалармен аткарыллаттын жұмыстарды бұлжытпай орындау. Сонымен қатар, балабақша мүлкін күтіп ұсташа, бөлмелерді таза ұсташа –ішкі тәртіп ережелеріне жатады.

#### **Сөйлегендер:**

**А.Баубекова:** Менгеруші апай бәрін орынды айтты. Барлық ережелерді уактымен орындауға болады және орындаімyz.

**6. Тыңдалды.** Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша апай сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2021жылдың 26-тамыз күні Бакылау және басшылық бойынша “шолу тексеру” болып өткенін айтты.

• Тәрбиешілер, стандарт талабына сәйкес топтарда 5білім саласы бойынша заттық-дамыту орталықтары жана материалдармен толыктырылуы кажет. Шолып, тексеріп шықтым, ешнарсе жаңартылмаған.. ағымдағы жөндеуден кейін шаршап калдыңыздар ма, білмеймін, еш жаңалық көрmedім. Тек Айгөлек тобында ғана фетра материалдан жасалған ойыншықтар бар екен. Жазғы сауыктыру жоспарлры барлық топта бар, жазылған екен, тугел барін маган тапсырыныздар. 2021-2022жылғы оку жылына даптерлер арналғанекен, енді оларды баулап, нөмірлеп, бекітуге берініздер. Перспективалық жоспарды аса ұқыптылықпен, жауапкершілікпен, жан- жақты іздніп жазыңыздар деді менгеруші.

#### **Сөйлегендер:**

**Молдабек Гүлчехра:-** Айша апайдың айтқан сөздеріне толық қосыламын. Эктеу, сырлау жумыстарын жургізип, таяуда біттік. Енді күрал-жабдықтарды реттеуге кірісеміз.

**7. Тыңдалды.** Балабақша менгерушісі сөз сөйледі:--Балабақшаға жаңа келген балардың күжаттарын: денсаулық паспорты, туу туралы қуәлігі, ата-анасының растайтын күжаты, жолдама және ата-аңаның балабақшамен келісім -шарт жасалған күжаттары, 3/4 баланың фотосы болу керек.

#### **Сөйлегендер:**

**Баубекова Алмагул, тәрбиеші:** - балалардың күжаттарын жинақтауды бастағанбыз. ата-аңамен келісім-шарттарын толтырып, кол койдырып шығамыз.

#### **Шешім:**

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оку қызметінің кестесі бекітілсін.
2. Әдіскер М.Тұнғатованың баяндамасы хаттамаға тігілсін..
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыштары бекітілсін.
4. Психолог А. Бердібаеваның тренингі хаттамаға тігілсін.
5. Қызметкерлер арасында ішкі еңбек тәртібі қатаң сакталсын.
6. Балабақша тәрбиешілері заттық-дамыту орталықтарын толыктырысын.
7. Балалардың күжаттары тез арада жинақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:

*А.Жаштаева  
М.Еспенбетова*

А.Жаштаева  
М.Еспенбетова

Педагогикалық кеңес

№2 Хаттама .

22.11.2022ж

Қатысқандар саны-9

Мақсаты: « Әрбір бала жұлдыздай, жарқырауға көмек бер».

Күн тәртібінде :

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші.
2. Баяндама «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері»  
Баяндама. Әдіскер А.Мауленова.
3. Бақылау және басшылық. «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану » Әдіскер А.Мауленова. «Айгөлек » ортаңғы тобы.
4. Ашық іс-әрекеттерді талдау туралы. Менгеруші А. Жаштаева .
- 5..Психологиялық тренинг. Психолог А. Бердібаева .

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушіс і Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.

—Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған іс – әрекетінің кестесі мен күн тәртібі бекітілді.

Әдіскер М.Еспенбетованың баяндамасы хаттамаға тігілді.

Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітілді. Психолог А. Бердібаеваның психотренингі хаттамаға тігілді. Қызметкерлерге ішкі еңбек тәртібі түсіндірілді. Тәрбиешілер заттық-кеңістік дамыту орталықтарын толықтырды.

2. Тыңдалды.Әдіскер М.Еспенбетова бала күтімі бойынша демалысқа шығуна байланысты оның орнына уақытша болған әдіскер А.Мауленова «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері» атты баяндама оқыды.

**Сейләгендер : Адилова Айгерім,тәрбиеші : - Маған әдіскер Алия ханымның жасаған баяндамасы үнады. Салауатты өмір салтын ұстану-бүкіл халықтың алдындағы мақсат-міндеті. Біздер,тәрбиешілер де бала тәрбиеленеудегі саласында жүргендіктен, салауатты өмір салтын үйретуіміз керек,-деді**

**3. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша апай 2022жылдың 18-қазан күні Бақылау және басшылық бойынша «Айгөлек » ортаңғы тобында тақырыптық зерделеуден жүргізді. Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану ». Мақсаты: Тәрбиеші таным саласы бойынша балаларға қызықты әрі маңыздылығы бар жаңа технологияларды дұрыс қолдана біледі ме**

**Тәрбиеші : Адилоа Айгерім. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында . «Үй құрастырамыз» тақырыбын алғып ,балаларға түрлі құрастырғыш- леголардан геометриялық пішіндерді құрастырып алғып ,содан кейін үйдің қабырғасын,шатырын,есік-теререзесін құрастыруды үйретті. Балалар қызыға орындарды. Келесі сәтте Воскобович технологиясы бойынша тақтайшалардағы шегелерге резеңкені керу арқылы да түрлі геометриялық пішіндерден үдің қабырғасын ,шатырын ,есіктерін жасауға болатынын үйретті. Балалар бұл әдіске де қызығушылық танытты. Жалпы алғанда ,тәрбиеші Адилова Айгерім баллармен жұмыс жасауда тәжірибесінң мол екендігін байқатты. Алайда,балалармен жұмыс барысында еңбекке,үйымшылдыққа, отбасы құндылықтарына араналған көркем сөздер мен мақал-мәтелдерді де үйретуі қажет еді. Қазіргі стандартқа енгізілген ерекшелік-баланы жан-жақты дамыту,дағдыландыру . Қорыта келе,тәрбиешіге «жақсы » деген баға беріледі ,-деді менгеруші.**

**4. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Айша Сапар қызы сейледі.Ол өз сөзінде 2022 жылдың 1қыркүйегінде «Балдырған» ортаңғы тобында «30-тамыз-Конституция күні және 1-қыркүйек – Білім күні « атты ашық іс-әрекет болып өтті. Тәрбиешілер: АМауленова,Н.Альзатова.-Балалар мерекелік киім киген,ата-заңымыз берілінген тақпақтарын айтты.Қыздар тобы «флешмоб » биін биледі.Балалар «Жау жаңбыр» әнін хормен орындарды. Сондай –ақ «Әрқашан күн сөнбесін»әнін хормен айтты.**

**Жетістірі: Балалар хоры жақсы шықты.**

**Кемшилігі: Балалардың шығармашылық нәмірлері аз болды.**

**Ұсыныс:**

**Алдағы уақытта көрініс,рөлдік-желілік ойындарды қосу керек,- деді.**

**2022- жылдың 22 қазанда «Армысың,Алтын күз» атты балалардың қатысуымен ертеңгілік үйымдастырылды. Тәрбиешілер-Мауленова Алия(Ересек тобы), Адилова Айгерім (Ортаңғы топ). Екі топтың да тәрбиешілері жақсы дайындалған. Күз мезгіліне арналған тақпақтарын бүлдіршіндер өте жақсы айттып шықты. «Жапырақтар» биін екі топтың да қыздары икемділікпен жақсы биледі.Ортаңғы топтың қыздар тобы« Сары жапырақтар» биін жақсы биледі.Ересек тобының бүлдіршіні Давуд Газиза «Қырманға кел,қалқатай » әнін өте жақсы орындарды . Қорыта**

келе, мерекені жақсы деңгейдә үйымдастырған тәрбиешілерге «жақсы» деген баға беріледі, деді меңгеруші.

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын педагоготармен тренинг үйымдастырды.  
Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім» .

Сөйлегендер:

Альзатова Нұрсұлу: - Айтолқын апайдың тренингі өзіме үнады. Көңіл-күйім көтеріліп, жұмысыма деген құлшынысым артты. Көп рахмет.

Шешім:

1. Откен кеңес шешімдері орындалды.
2. Әдіскер А. Мауленованың баяндамасы хаттамаға тігілсін
3. «Бақылау және басшылық» бойынша тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша тәрбиеші А. Адиловаға жақсы деген бағаберілсін.
4. «Балдырған» және «Айгөлек» топтарының тәрбиешілері М. Еспенбетоваға, А. Баубековаға, Н. Альзатоваға «Білім күні» ертеңгілігі мен күз мерекесіне ашиқ көрсетілім үйымдастырғаны үшін «жақсы» деген баға берілсін.
5. Психолог А. Бердібаевың үйымдастырған психологиялық тренингі не «өте жақсы» деген баға берілсін және растайтын құжаттары хаттамаға тігілсін .

Кеңес төрайымы:

А. Жаштаева

Хатшы

Г. Молдабек.

22.11.2022

## Педагогикалық кеңес

### Хаттама №3

24.02.2022ж

Қатысқандар саны-11

Тақырыбы: «Баланы шамадан тыс көп тапсырма беріп емес, біліміне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған тапсырмалар арқылы дамыту».

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
  2. «Балалардың денсаулығын қалыптастыруға арналған салауатты өмір салтының маңыздылығын педагогтарға насхаттау.» Медбике Тастанова Жансая.
  3. Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістер. Пікіралмасу. Әдіскер М.Еспенбетова.
  4. Тәрбиешілерді аттестаттау туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
  5. Ашық оқу іс-әрекеттерін талдау, талқылау туралы .Менгеруші А.Жаштаева.
  6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бедібаева.
- 
1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сейледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалғаны туралы айтты. Жас маман тәрбиеші Набатова ға тәлімгер болып тәрбиеші Еспенбетова Мөлдір бекітілді. Әдіскер М.Тұңғатованың баяндамасы хаттамаға тігілді.
  2. Тыңдалды. Балабақша медбикесі Тастанова Жансая «Балалардың денсаулығын қалыптастыруға арналған салауатты өмір салтының маңыздылығын педагогтарға насхаттау» баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында бүкіл адамзаттың ең басты міндеті - салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулықтарын күту, үзақ өмір сұру. Сондықтан әрбір баланың физиологиялық дамуын басты мақсат етіп, күн тәртібін түзу керек. Күнделікті күн тәртібімен таңертең ерте тұрып, таңғы жатығу жасау, жылы, салқын сүмен жуыну, сүтті тағамдар, физикалық еңбек, жеміс-жидектер рационы күн сайын болу керек. Әрбір баланың жас ерекшелігіне қарай бойлары мен салмақтарын ың стандарттық өлшемі бар. Осы өлшемшартты 6 ай сайын өлшеп турамыз. Ата-аналарымен кеңесіп, үй жағдайында да күн тәртібін бұлжытпай орындауға кеңес беріп отырамын. Әр топта 2 ай сайын дене, бүлшық, еттерін, қол аяқ моторикасын дамыту мақсатында денсаулық мерекелері мен денешінің тұру, спорттық сайыстар үйымдастырылады. Сонымен

Қатар ,балаларды авитаминоздан сақтандыру мен күнделікті дастарханда жемістер мен көкеністер көпткө болу керек. -деді медбике.

Баяндама бойынша жарыссөзге шыққандар:

Баубекова Алмагұл ,тәрбиеші : - Маған мед.бике Тастанова Жансаяның жасаған баяндамасы үнады. Эрбір бала өмірі мен денсаулығы Отанымыз үшін маңызды. Дені сау бала-дені сау дамыған үлт. Сондықтан салауатты өмір салтын үстануға дағдыландыру керек. Рахмет.

Адилова Айгерім,тәрбиеші: -Сау дene,таза ақыл ,адал көңіл

Үшеуімен бақытты болар өмір.

Оқу үшін мектепте

Ашу үшін тәбетті

Құру үшін сен саулық

Керек жақсы денсаулық!..-деп ақындар жырлағандай балаларымыз дені сау болып өсіп-өне берсін. Рахмет.

3. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мәлдір сөз сөйлемді . Ол өз сөзінде

-Құрметті әріпттер,бүгін біз пікір алмасамыз. Тақырыбы: «Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын әдіс,тәсілдер.»

Адилова Айгерім : - Мен үйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімде эстамп әдісін жиі қолданамын. Сондай ақ, трафарет әдісі де ете қолайлы. ТРИЗ технологиясы бәрімізге белгілі. Мысалы,қар,су,тастақ жол,ағаштар мен гүлдер ,булардың бәрін ракушка,манка ұнтағын,пенопласттар,,ағаштар жапырағын салфеткалардан жасауға болады.Сондай ақ,картоп,сәбіздерден гометриялық пішіндер жасап,кез келген бояуға батырып,ғабиғат көріністерін салуға болады,-деп ойлаймын.

Әлзатова Нұрсұлу,тәрбиеші:- Себезгілеу арқылы жылдың 4 мезгілін бейнелееуге болады,әріптестер. Сонымен қатар,қаламсапты тұтікше етіп алып,бояуларды тұтікшегке жинап ,үпірген кезде отشاшу болып керемет өнер пайда болатынын айтқым келеді.

Еспенбетова Мәлдір,әдіскер: -Рахмет әріптестер, ете керемет пікіралмасу болды. Енді шығармашылық білім саласы бойынша осы аталған тәсілдерді қолдансаңыздар жақсы болар еді. ,деген тілегім бар.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Әйша Сапарқызы сөз сөйлемді . Ол өз сөзінде :- 2021-2022 оқу жылында санат алмаған тәрбиешілер тест орталыққа барып тест тапсырып,moderатор санатын алу үшін тестке дайындалып жүріңіздер,-деді. Тестке баратын тәрбиешілер: Құрбанова Сауле,Әлзатова Нұрсұлу ,Молдабек Гүлчехра ,Мауленова Алия,Адилова Айгерім. Тест нәтижесінен бөлек,еңбек жылындағы жетістіктері де қажет болады.Сол үшін дайындалып жүріңіздео ,-деді меңгеруші.

5. Тыңдалды. Балабақша менгөрушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2022 жылы 21- ақпан күні «Еркетай» ерте жас тобында «Әжеміздің орамалын әшекелейміз» атты ашық оқу іс-әрекеті болып өтті. Тәрбиеші-Баубекова Алмагұл. Білім саласы-«Қатынас», «Шығармашылық». Білім қызметтері-Көркем әдебиет, Сурет салу.

Мақсаты: Балалардың тілдік –сөздік құзыреттіліктерін дамыту, баланы сурет салудағы алғашқы икемділіктеріне баулу. Тәрбиеші оқу іс - әрекетін топтық жиыннан бастады. Тосын сәт: топқа әже құрт-ірімшігін алып келеді. Балалар әжеге тақпақ айтып берді. Сергіту сәті болды. Тәрбиеші балаларды шығармашылық орталыққа алып барып, үшбұрыш етип қылған ақ парақ бетіне бояу жағып әшекейледі. Жетістігі: ТРИЗ технологиясын(саусақпен сурет салу әдісі) қолданы.

Кемшілігі: Тілдік –сөздік қорын дамытуға жаттығу жасатпады. Тәрбиеші Баубекова Алмагұлге «орта » деген баға беріледі және келесі ашық сабқта жан-жақты ізденіп, дайындалу қажеттілік түсіндірілді.

2. 2022 жылдың 22- ақпан күні «Балапан» кіші тобында ашық болып өтті. Тәрбиеші - Молдабек Гүлчехра. Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі. Мақсаты: Көркем әдебиет шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру, тілдік-сөздік қорын дамыту. Сурет салу әдістерін үрепенуге мәшиқтандыру.

Білім саласы-«Қатынас», «Шығармашылық» .

Білім қызметтері- «Көркем әдебиет», «Сурет салу».

Тәрбиеші балаларға жылулық шеңбер жасатты. Тосын сәтте топқа қарт ата кіріп келді. Аулаға шалқан ектім, еңбек еттім, су қуидым. Бір күні қарасам, шалқаным үлкеен болып өсіні. Енді оны жұлайын десем, діңгегі қатты екен. Жұлдынбай жатыр. Эрі қарай тәрбиешілер «Күншарақ театрын».

Көрсетіп, Шалқан ертегісіндегі кейіпкерлерді сомдап шықты. Өте жақсы көрініс болды. Баллар қызыға қарап, тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп отырды. Келесі сәтте сергіту сәтін орындағы. Тәрбиеші балаларды шығармашылық орталыққа апарып, губкамен алдарындағы шалқанның суретін бояды.

Жетістігі: Көрнекіліктердің сапасы жақсы.

Кемшілігі: Тәрбиешінің сөз салтауы, тілдік –сөздік қоры орта деңгейде.

Тәрбиеші Г. Молдабекке жақсы деген баға беріледі, - деді менгеруші.

2022-жылдың 23- ақпан күні «Айгөлек» ортаңғы тобында «Орман жануарларының қысқы тіршілігі» атты ашық үйымдастырылған оқу іс-әрекеті болып өтті. Тәрбиеші-Еспенбетова Молдір.

Білім саласы-«Қатынас», «Шығармашылық». Білім қызметтері-«Көркем әдебиет» және «Сурет салу». Мақсаты: -балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Орман жануарларының қысқы мезгіл туралы түсініктерін дамыту. Диапроектр арқылы орман жануарларының суреттері мен қыс мезгілін үйлестіре слайд, көрсетті. Эр жануар мен андарды көрсептес бұрын жұмбақ жасырды, балалар логикалық ойлана бастады. Тосын сәт барысында топқа сиқыршы кіріп келді. Тәрбиеші: Сиқыршы ормандағы барлық аңдарды сандыққа салып сиқырлап тастапты. Олардың барін босату үшін сиқыршының берген тапсырмаларын орындаимыз, -деп балаларға тапсырмалар бере бастады. 1-тапсырма-жұмбақ жасыру. 2-тапсырма- тақпақ айтуды. 3-тапсырма-шығармашылық орталыққа барып, сурет салу, бейнелеу. Бұл жерде балалардың

Қызығушылығын арттыруды мақсат еткен тәрбиеші ТРИЗ,СТЭП-БАЙ СТЭП .мақтамен бейне жасау әдістер мен технологиялар қолданды. Келесі сәтте құрылымдалған ойын «Кім немен қоректенеді». 1-топ –мамық жүнді қоянды ақ мақтамен жapsыру.2.-тапсырма-Қасқырдаң суретін бояуды себезгілеу арқылы салу. 3-тапсырма-кірпінің инелерін пластмасс шанышқылармен шаншу арқылы кірпінің бейнесін жасау.

Жетістігі: АКТ қолданды, сурет салу барысында жаңа технологиялар қолданды.

Ұсыныс: көркем әдебиет бөлімінде «мнемотехника» әдісін қолданғанда нұр үстіне нұр болар еді.

Тәрбиеші М.Еспенбетоваға жақсы деген баға беріледі , -деді меңгеруші.

2022 жылы 24- ақпанда «Балдырған » ересектер тобында «Су асты тіршілігі» атты ашық ҰОҚ болып етті. Тәрбиеші - Мауленова Алия. Білім саласты «Қатынас», «Шығармашылық ». Білім қызметтері:

«Көркем әдебиет», «Сурет салу». Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, шаттық шеңберін жасатты. Келесі сәтте балаларды су асты әлеміне алып барды. «Алтын балық» ертегісін әңгімелеп берді. Тосын сәтте топқа алтын балық келіп балаларды су асты әлемімен АКТ арқылы таныстыруды. Топқа қайтып келіп, шығармашылық орталыққа барып, стәп-бай стәп технологиясы бойынша балаарды 3 топқа бөліп , шығармашылық жұмыстар жасатты. Дидактикалық ойын «Суретке қарап »сөйлем құрғызып үрретті.

Жетістігі: Жаңа технологиялар қолданды.АКТ,Стәп-бай стәп,ТРИЗ технологияларын қолданды. Тәрбиеші Мауленова Алияға өте жақсы деген баға беріледі деді.

2022 жылы 25 ақпанда «Балдырған » ересектер тобында «Клоун и игрушки» атты орыс тілі пәні бойынша ашық ҰОҚ болып етті. ҰОҚты өткізген педагог- Тажидинова Гүлнарай. Педагог балаларды шеңбер бойлай тұрғызып, «Круг приветствия » жасатты. Көптеген ойыншықтар бойынша тақпақтар айтқызды. Балалар орысша тақпақ айтты. Тілдік –сөздік ,грамматикалық жаттығу жасатты. Тосын сәтте топқа сайқымазақ-клоун келіп балалармен сөздік жұмыс жүргізді.

Жетістігі: АКТ қолданды,тілдік-грамматикалық жаттығу жасатты.

Ұсыныс: Балаларға диалог ,сөдік жұмыстар көтеп жүргізілсе .

7. Тыңдалды. Балабақша психология Бердібаева Айтолқын педагогтарға арнап психо-тренинг өткізді. Психо-тренинг өте қызықты өтті.

#### ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Медбике Ж.Тастанованың баяндамасы хаттамаға тігілсін.
3. Пікір алмасуға жақсы деген баға берілсін.
4. Тәрбиешілер аттестаттаудан өтуге өтініштерін тапсырын.

5. Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін өткен тарбиешілерге : А.Баубековаға жақсы деген, Г.Молдабекке жақсы деген, М.Еспенбетоваға өте жақсы деген , А.Мауленоваға өте жақсы , Орыс тілі пәні мұғалімі Г.Тажидиноваңа өте жақсы деген баға берілсін.

7. Психолог А.Бердібаевың психо-тренингі хаттамаға тігілсін және жақсы деген баға берілісін .

Кеңес тәрайымы

А.Жаштаева.

Хатшы

Г.Молдабек.

24.02.2022ж

## Педагогикалық кеңес

### Хаттама №4

10.03.2022

Қатысқандар саны: 11

Тақырыбы: «Педагогтарға жаңартылған мазмұнда жұмыс атқару –заман талабы».

Күн тәртбінде:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.Менгеруші А.Жаштаева
2. Презентация. «Стэп –бай –стэп технологиясы». Әдіскер М.Еспенбетова
- 3.Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін талдау. Менгеруші А.Жаштаева
- 4 . Бақылау және басқару. «Топтардың пәндік-дамыту ортасының сапасы қандай?»Менгеруші А.Жаштаева
5. Психологиялық тренинг. Психолог А.Бердібаева.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сез сөйлемді. Ол өз сезінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталып өтті .Медбике Тастанова Жансаяның жасаған баяндамасы хаттамаға тіркелді. Тәрбиешілер : А.Адилова,Н.Әлзатова,а.Мауленова және Г.Молдабек аттестациядан өтуге тест.орталық ақылды өтініштерін берді. Қазір дайындық үстінде. Психолог А.Бердібаевың тренингі хаттмаға қос тіркелді.

Сөйлегендер :

Мауленова Алия,тәрбиеші: -Құрметті әріптестер 2019 ж 27 –желтоқсанда «Педагогтар мәртебесі » заңы қабылданғалы бері өте жақсы үдеріс келген екен, яғни әркімнің біліміне қарай ,және еңбегіне қарай еңбек ақынызға қосымша ақы төленеді,егер де сынақтан өтіп келсек.Сондықтан дайындалайық,оқыық ,ізденейік.Мен үшін бұл өте қолайлы,маңызды. Біліміңіз артып,бұлдірішіндерды оқытып тәрбиелеуде әрқашан ізденисте болып,кәсіби шеберлігімізді арттыра берейік.

2. Тыңдалды .Балабақша әдіскері Еспенбетова Мәлдір Үсенқызы сез алды.: -Құрметті әріптестер,мен бүгін сіздерге жаңа ,бірақ көптен бері қолданыста жүрген технологиямен сіздерді жан-жақты таныстырып,өз тәжірибеммен бөліскім келеді.-Бұл технология стэп-бай- степ ,яғни қадам сайын қадам бас . Бұл технология барлық топ тәрбиешілеріне өте қолайлы. Мұнда да монтессори технологиясы секілді баланың еркін ойлауы секілді оқу қызметтерін түрлі орталықтарға бөліп өтуге болады. \* Мысалы, баланың жеке қызығушылығына байланысты шығармашылық,географиялық, құрылыш және тағы сол секілді орталықтардан тұрады. .. Бір ерекшелігі балалар ұжым болып еңбек ету арқасында бір- біріне көмектеседі, бірі -біріне деген

мейірімдері арта түседі. Жақындағы стәп- бай- стәп технологиясы бойынша «Сиқыршы мен қанқызы» атты ұйымдастырылған оқу қызметін өттім. Қазір сіздерді видеосын көруге шақырамын.

Сейлекендер:

Г.Молдабек, тәрбиеші:- Құрметті әріптестер, маған ашық сабак өте үнады. Шынында балалар бір біріне көмектесіп жатыр, баріне үнап жатыр, ең бағытында қызығып еңбек етіп, тапсырмаларды қызыға орындал жатыр. Алдағы уақытта да баланың дамуына арналған осындай әдіс-тәсілдер мен ашық сабактарды көптеп өте берейік ең бағытын деңіміз сау болсын, балалар аман болсын. Мәлдір апайға рақмет.

3. Тыңдалды. Балабақша мемлекеттік жаңаша Айша Сапарқызы сез сөйледі. Ол өз сезінде :- Құрметті әріптестер, 2022жылдың 11-ақпан күні «Балапан» кіші тобында «Шынықсан, шымыр боларсың» атты спортық сыйыс болып өтті. Ұйымдастырылған тәрбиеші-Молдабек Гүлчехра апай. Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Тәрбиші балларға бірдей форма кигізген. Алдымен деңені ширату жаттығуын жасатты. Балаларды екі командаға бөліп, сәбіздерді себетке салу, алмаларды қорапқа жинау, арқан тарту, допты бір-біріне домалату секілді тапсырмаларды орындаатты. Сағас соңында баларға қтықндарыншын деп бір-бір баннаннан берді.

Кемшілігі: балалар өте бағыт қимылдады. Тәрбиеші өзі жылдамдықты көрсетіп беру керек еді.

Жетістігі: Көрнекіліктері өте сапалы, мол етіп жасалған екен. Жалпы тәрбиеші мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді бітіргені көрініп тұр, балаларды өзіне үнемі баурап алып, мақтап, мадақтап отырды. Тәрбиешіге жақсы деген баға беріледі деді Менгеруші.

4. Тыңдалды . Балабақша мемлекеттік жаңаша Айша Сапарқызы сез сөйледі. Ол өз сезінде 2022жылдың 01. наурыз күні балабақша бойынша Бақылау және басқару жүргіздім. Тақырыбы:- топтардағы пәндік –дамыту ортасының сапасы қандай деңгейде? Барлық топта қатынас саласына арналған құрал-жабдықтар өте көп. Ертегілерге арналған макеттер жеткілікті. Сенсорика, математика бойынша құрал жабдықтар бар. Бірақ спорттық, деңешшынықтыру бойынша материалдар өте аз. Соңдықтан, осы деңсаулық саласына қатты көңіл бөлініздер. Қолдан жасайтындарын жасап сатып алатын заттарды сатып алайық. Ең керегі бізге балалардың қолдарында спорттық құрал –жабдықтар болу керек. Табиғат бүрышы толық жабдықталмаған. Эскери-патриоттық бүрыштар атымен жоқ. Жолда жүру ережелеріне арналған бүрыштар жасалмаған. Соңдай ақ еңбек бүрышына арналған құрал-жабдықтар жоқ. Сонымен қатар, сюжеттік –рөлдік ойындарға, мысалы, «Дәрігер», «Дәріхана», «Дүкенші», «Шаштараз», «Пошта», «Мектеп», «Асхана» және тағы басқа рөлдік ойын ойнатуға арналған атрибуттар мен көрнекіліктер өте аз. Қорытындылай келе, құрметті әріптестер, күн сайын бір көрнекілік жасай

берсеңіздер бір айдың ішінде, көптеген қыруар құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер пайда болып қалады.

Сөйлегендер :

Мауленова Алия, тәрбиеші: -Айша Сапарқызы өте дұрыс айттыңыз. Ия шынымен де көрнекіліктер дің сапасы сын көтермейді. Уақыт өте береді . Аттестация уақыты лезде келіп қалады. Біз әрқашан да келген сынға дайын болуымыз керек. Сондықтан жұмыла көтерген жүк жеңіл деген . Жасап қоямыз деп үәде береміз.

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева педагогтармен

атты психологиялық

тренинг өткізді.

Сөйлегендер :

Адилова Айгерім, тәрбиеші: Маған тренинг өте қатты ұнады Көңіл –күйіміз көтріліп қалды. Айттолқын апаға көп рахмет.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Әдіскер М.Еспенбетованаң презентация сабағы хаттамаға тіркелсін және жақсы деген баға берілсін.

3 «Балапан » кіші топта ашық ұоқ ұйымдастырған тәрбиеші Молдбек Гүлчехраға жақс деген баға берілсін.

4. Бақылау және Басқарудың тақырыптық тексеру бойынша пәндік –заттық дамыту орталықтарының көрнекіліктері бір ай мерзімде толықтырылсын.

5. Психолог А.Бердібаева жақсы деген баға берілсін.

Кеңес төрайымы

А.Жаштаева

Хатшы:

А.Мауленова.

Педагогикалық кеңес

Хаттама №5

27.05.2022.ж

Қатысқандар саны -12 11

Тақырыбы: «Дені сау үрпақ – болашақ үлт кепілі.»

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруш А.Жаштаева.
  2. Тәрбишілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі туралы. Әдіскер М.Еспенбетова.
  3. Жазғы мерзімнің жұмыс жоспарын бекіту туралы. Менгеруші А.Жаштаева.
  4. Балалардың қорытынды мониторинг туралы .Әдіскер М.Еспенбетова.
  5. Ашық оқу қызметтерін талдау туралы. Менгеруші А.Бердібаева.
  - 6.Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бердібаева.
- 1.Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сез сезінде откен кеңес шешімдеріне тоқталды. Әдіскер М.Еспенбетованың «Стәп-бай стәп » технологиясына арналған үйымдастырылған оқу қызметінің дискісі хаттамаға тіркелді. Менгерушінің бақылау және басқару дың анықтамасы бойынша барлық топтарда пәндік –заттық дамыту орталықтары 5 білім саласының көрнекіліктері жасалды,толықтырылды.
2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мәлдір сез алды. Ол өз сезінде 2021-2022 оқу жылында біздің педагогикалық ұжым ай сайын жылдық жоспармен бекітілген іс-шараларды үйымдастырып отырды деді. Балабақша менгерушісі Айша апай да әр хаттамада талдау жүргізіп отырды . Бірақ кейбір тарбиешілер өздеріне жүктелген шығармашылық жұмыстарын белгілі немесе белгісіз себептермен үйымдастыра алмай қалды. Қазір мен кім орындағы,кім орындаі алмады ,бірін айтатып шығамын
- 1.Тәрбиеші ,Әлзатова Нұрсұлу : - «ТРИЗ технологиясы»-тапсырды.
  - 2.Тәрбиеші ,Адилова Айгерім: «Денсаулық технологиясы »- тапсырды.
  - 3.Тәрбиеші , Құрбанова Сәуле : «Ойын технологиясы»-тапсырды.
  - 4.Тәрбиеші, Баубекова Алмагүл: «Құм терапиясы »-тапсырды.-тапсырды
  - 5.Тәрбиеші Еспенбетова ,Мәлдір:- «Стәп –бай- стәп» технологиясы. тапсырды
  6. Музыка жетекшісі, Сарбасова Қалима:- «Қазақ үлттық ойындары» тапсырмады \*
  - 7.Тәрбиеші Мауленова Алия : «Восковович » әдісі тапсырмады.
  - 8.Менгеруші Жаштаева А: «Балабақшадағы салауатты өмір » тапсырды

- 9.Әдіскер Тұңғатова : «Кюзенер таяқшалары» тапсырмады
- 10.Тәрбиеші Молдабек Гүлчехра:-«Ертең терапиясы». Тапсырмады.
- 11.Орыс тілі мұғалімі Тажидинова Гүлнарай:- «Монтессори технологиясы» тапсырмады.
- 12.Тәрбиеші Мауленова Алия: - «Театр және балабақша». Тапсырмады.

**Сөйлегендер:**

Жаштаева Айша Сапарқызы ,менгеруші : - Құрметті әріптестер ,шығармашылық жұмыстарыңызды тапсырмағандарыңыз ертерек тапсырыңыздар .Мерзімі: 1 апта. Тапсырмасаңыздар түсініктеме жазасыздар деді менгеруші.

3. Тыңдалды . Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді .Ол өз сезінде 2021-2022 оқу жылы аяқталып ,енді балабақша мен балаларды жаз мерзіміне дайындау керекпіз. Ойын алаңдарын әктең,сырлап,ойын ойнайтын көрнекіліктерді жасау. Тәрбиешілер балалардың ата аналарына жаздық киімдер ,аусымдық киімдер ,жаздық бас киімдерді кигізіп жіберіп отрыуы керек. Жазғы іс-шаралардың сабак кестелері мен жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бірлесе отырып түзіп, маған бекітуге құжаттарыңызды алып келіңіздер деді. Эрбір топтың сабак кестесі ,перспективалық жоспары мен апталық циклограммалары түгел жоспарланып бекітуге акелесіздер Мерзімі.- 1 апта. Сондай ақ 3 ай барысында бір реттен ашық оқу қызметін үйымдастырасыздар деді менгеруші. Сонымен қатар ересек тобында «Балақайлар мектебі » бағдарламасының сабак кестесі мен перспективациклогра ммасы бөлек түзілітіндігі жайлы ескертемін деді менгеруші.

4.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мәлдір сөз алды. Ол өз сезінде Балабақшада үш мерзімді мониторинг тапсыру үрдісі жолға қойылған. Бастапқы,аралық,,қорытынды. 2021—2022 оқу жылында 1-денгейлі балалар-8,3 пайызды құрады. 2-денгейлі балалар 74,1 пайызды құрады. 3-денгейлі балалар 17.6 пайызды құрады. Жалпы балалардың даму деңгейі осылай болды. 1-денгейлі және 2-денгейлі балалармен көбірек жұмыс жүргізу керек. Тәрбиешілерге алдағы оқу жылында балалармен жан-жақты жұмыс жүргізініздер дегім келеді.

5. Тыңдалды . Балабақша менгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйлемді. Ол өз сезінде 2022-жылдың сәуір айында бірнеше ашық оқу қызметері болып өтті.

2022 жылы 11 сәуір күні «Айғөлек » ортағы тобында «Эмоция әлемі » атты балаларға арналған тренинг өтті. Үйымдастырған –Психолог А.Бердібаева . Мақсаты: балаларды әр түрлі смайликтер арқылы эмоция түрлермен таныссытуру. Эмоцияларды ажыратса білуге баулу. Түрлі қызықты ойындар ойнатты ,қылған сурттерді құрастыруды,жәндіктер мен жанаарлардың бейнесінің суретін салғызды. Психолог А.Бердібаеваға жақсы деген баға беріледі.

2022-жылдың 13- сәуір күні «Балдырған» ересектер тобында «Сиқыршы мен қанқыз » атты үйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.Тәрбиеші –Еспенбетова Мәлдір. Мақсаты.- балалардың

жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Балалардың логикалық қабілеттің дамыту, пішіндерді ажырата білуге, сурет салу техникасын үйренуге баулу. Тәрбиеші оқу қызметін Акт бойынша проекттадан жандіктер туралы суреттер көруден бастады. Келесі сәтте тосын сәт. Топқа сиқыршы кіріп келді. Ол балаларға сиқыр көрсетті және қанқызың қоныздарын тасқа айналдырып жібергенін айтты. Сиқыршы З тапсырма орындасаның тасқа айналдырыған қанқызына жан бітіремін деді.

1-тапсырма-математикалық орталық .Мұнда балалар сандар нешеу болса ,сонша тұтікшелерды санап орналастырды .

2-тапсырма .Бұлттар артында пішіндер жасырылған .Балалар қандай пішіндер екенін дұрыс айтты.

3-тапсырма-Алдарында жатқан ,алдын ала қызыл түске боялған тастардың бетіне қоныздың көзі мен мұртын ,көйлегінің үш нүктесін қара түспен бояу керек деген тапсырманы да өте жақсы орындағы. Келесі сәтте балаларға «Не қайда тұрады?» деген дидактикалық ойын ұсынылды. Ара-балға қонады ,көбелек- гүлге қонады, қоныздар –гүлге, сабағына қонады деп балалар бұл жолы да дұрыс жауап беріп қызыға ойнады. Тәрбиеші дәстүрден тыс сурет салу әдісін, Триз технологиясын қоданды. Тәрбиешіге жақсы деген баға беріледі.

2022-жылдың 26- сәуірде «Балдырыған » ересек тобында «Сенімді дос-бағдаршам » атты ашық үйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Мақсаты-балаларға өздерін қоршаған ортасында болып жатқан құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Бағдаршам мен көліктер туралы кеңінен мағлumat беріп балаларды қауіпсіздік шараларын үнемі бұлжытпай орындауға пысықтау. Тәрбиеші:-

Мауленова Алия. Балаларға шаттық шеңберін жасатты. Бағдаршам макетін ортаға қойып балаларға рөлдерді қолдарына алып жолда жүру ережелерін ойнattы. Эр балаға бір-бір тақтайшадан беріп , восковович әдісі бойынша көліктерді резеңке арқылы тәртбұрыш, дөңгелек жасатты. Көліктер мен бағдаршам туралы тақпақтар айтқызды. Тәрбиеші Мауленова Алияға жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші.

#### Сөйлегендер:

Баубекова Алмагүл, тәрбиеші: -Бұғынгі Айша апайдың ашық сабактарды егжей- тегжей ті талдағанына риза болып отырмын. Айша апай, біздің сізден үйрениріміз алі өте көп, әдіс-тәсілдеріңізді бізben бөлісіп, ақыл-көңестеріңізді беріп, деніңіз сау бол жүре беріңз .

6. Тыңдалды .Балабақша психология Бердібаева Айтолқын сез сөйлемдерінде педагог тәрбиешілермен «Менің көңіл күйім » атты психологиялық тренинг өткізді.

#### ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын бір апта мерзімінде меңгерушіге тапсырын.
3. 2021-2022 оқу жылындағы жаңғы, сауықтыру шараларының жоспары мен үйымдастырылған оқу қызметінің кестелері бекітілсін.
4. Балалардың үш мерзімдегі мониторинг қорытынды бағаларын тәрбиешілер зерделеп, жаңа оқу жылында тәмен деңгейдегі балалармен көбірек жұмыстар жүргізсін.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен тәрбиеші –педагогтер  
А.Бердібекова, М.Еспенбетова, А.Мауленова жақсы деген баға берілсін.
6. Психолог А.Бердібаеваға тренинг ұйымдастырғаны үшін жақсы деген баға берілсін.

Кеңес тәрайымы

А.Жаштаева

Хатшы

27.05.2022жыл

А.Мауленова.